

ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» №326-1 Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» №703 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары туралы» №575 қаулысының талаптарын басшылыққа ала отырып, облыстық архивтің жинақтау көзі тізіміндегі «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық психикалық денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ МКК, «М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕАҚ, Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК, Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» КММ іс жүргізу және архив ісі бойынша тиісті әдістемелік көмек көрсетілді.









“ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМ – ЗАМАНАУИ ӨРКЕНИЕТТІҢ БАСТЫ ҚАУІП-ҚАТЕРІ” АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің мәжіліс залында архив қызметкерлеріне экстремизм, терроризм туралы түсінікті қалыптастыру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру, қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын түсіндіру, террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатушылыққа жол бермеу мен бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгілік жөнінде ой қозғалған “ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМ – ЗАМАНАУИ ӨРКЕНИЕТТІҢ БАСТЫ ҚАУІП-ҚАТЕРІ” атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелге “Дін проблемаларын зерттеу орталығының” ақпараттық-түсіндіру бөлімінің инспекторы Атамқұлов батырбек Керімбайұлы арнайы шақыртылып, терроризм мен экстремизмнің қауіп-қатері жөнінде айтылды.



АРХИВТІК АНЫҚТАМАЛАР БЕРУ ЖҰМЫСЫН ЗЕРДЕЛЕУ

Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің директоры Л.Қожаханова мен орынбасары А.Тыныбекова “Архив құжаттарын пайдалану” бөлімінің – архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру жұмысын зерделеп, жетілдіруді тапсырды.





«ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС- ҚОҒАМ МІНДЕТІ» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Жамбыл облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Жемқорлыққа қарсы күрес-қоғам міндеті» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша Департаментінің жетекші маманы- Ажибаев Айбек архив қызметкерлеріне жемқорлықпен күресудің жолдарын түсіндірді. Жемқорлық орын алған жағдайда заң органдарына хабарлап, тиісті

инструкция бойынша әрекет етудің жолын айтып, мемлекеттік қызметкерлер арасында пара бергенде және оны алғанда қатаң жазаға тартылатындығын еске салды. жемқорлық жөнінде слайд көрсетілді.





АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ

Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдау кезінде құжаттардың физикалық, санитариялық-гигиеналық, техникалық жай-күйіне және аса құнды жиынтықтылығына тексеру жүргізу Жамбыл облысының мемлекеттік архивінің құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мен мемлекеттік есебін жүргізу бөлімінің негізгі міндеті болып саналады.





**Мемлекеттік сақтаудағы
архивтік қор құжаттарына
кезектен тыс “Істердің
толықтығы мен жай-күйін**

**тексеру”
жүргізілуде**

жұмыстары







“МӘДЕНИЕТ КҮНІ” ЖУАЛЫНЫҢ ТӨРІНДЕ ТОЙЛАНДЫ





